



Осы Келісім дипломатиялық миссиялардың, консулдық мекемелердің қызметкерлерін, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан халықаралық ұйымдардың өкілдерін және жарамды дипломаттық паспорттары бар олардың отбасы мүшелерін қабылдаушы мемлекетте аккредиттеу үшін виза алу қажеттілігінен босатпайды.

Аккредиттелгеннен кейін аталған азаматтар өздері тағайындалған кезең ішінде қабылдаушы мемлекет аумағына визасыз келе алады, транзитпен өте алады, бола алады және кете алады.

### **3-бап**

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған дипломаттық паспорттары бар әрбір Тарап мемлекетінің азаматтары халықаралық қатынас үшін ашық шекараны кесіп өтетін барлық пункттер арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, одан кете алады.

### **4-бап**

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған әрбір Тарап мемлекетінің азаматтары қабылдаушы мемлекеттің заңнамасын құрметтеуге міндетті.

### **5-бап**

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімге сәйкес болуы қолайсыз деп танылған адамдардың қабылдаушы мемлекеттің аумағына келуінен немесе онда болуынан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### **6-бап**

Тараптардың әрқайсысы ұлттық қауіпсіздікті немесе қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

Екінші Тарап осы Келісімді тоқтата тұру туралы мұндай шешім күшіне енгенге дейін 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы хабардар етіледі.

Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған, қабылдаушы мемлекеттің аумағындағы азаматтардың құқықтарын қозғамайды.

### **7-бап**

Тараптар осы Келісім күшіне енгенге дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы жарамды дипломаттық паспорттардың үлгілерімен алмасады.

Дипломаттық паспорттарға қатысты өзгерістер туралы Тараптар көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі хабардар етеді, сондай-ақ жаңа паспорттардың үлгілерімен алмасады.

## **8-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамамен немесе дипломатиялық ноталар алмасумен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндірудегі кез келген келіспеушіліктер немесе даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

## **10-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап 3 (үш) ай өткенге дейін күшінде қалады.

2009 жылғы 3 қарашада Рим қаласында қазақ, италия, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей заңды күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қ а з а қ с т а н*  
*Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*И т а л и я*  
*Республикасының*

2009 жылғы 5 қарашада Рим қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі  
Халықаралық - құқық  
департаментінің*

*Басқарма бастығы*

*Б. Пискорский*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ